# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№11 (1645)
4 сәуір
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


**ҚазҰУ-дың бас мұражайын тамашалауға таптырмас сәт туды. Әл-Фараби мұражайы ниет танытып, тілек білдіргендердің барлығына күн ұясына батқанда есігін айқара ашты.**

## МҰРАЖАЙ ТҮНІ

Айтулы шара мұражай мен жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының бірлесуімен университет қабырғасында алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Мұражай түні студенттер мен олардың ата-аналарына оқу орнының құнды жәдігерлері, бағалы заттарымен қатар жалпы жеткен жетістіктерімен танысуға теңдессіз мүмкіндік берді. Мұражай қызметкерлері Ардақ Жабықпаева, Базаркүл Әміржанова, Әсия Далибаева университеттің ерекше естеліктерімен таныстырып, тарих қойнауынан сыр шертті. Өз сөзінде Ардақ Жабықпаева: «ҚазҰУ мұражайының жұмысы халқымыздың бай мәдени, рухани мұрасын сақтау мен насихаттауды негізге алып, білім мен ғылым саласында жеткен жетістіктерін дәріптеуге бағытталған. Жастардың бойына ұлттық болмысты сіңіріп өсіру әрбіреуімізге жүктелген міндет деп білеміз. Осы тұрғыда өздері білім алып отырған қарашаңырақтың түпқазығына тереңнен үңілуі үшін аталмыш шараны ұйымдастырып отырмыз», – деп атап өтті.

Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Мәдиева әлемдік тәжірибедегі мұражай түнін өткізу үрдісіне тоқталып, студенттерге оқуда табыс тіледі.

*Жалғасы 2-бетте*

## КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

**Кезекті ректорат мәжілісінде күн тәртібіндегі мәселелерге көшпес бұрын дәстүр бойынша Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасына Каир университетінен келген (Мысыр) профессор Абуль-Футух Сабри Абуль-Футух Юнус пен кафедра меңгерушісі Мұхит Бекмырзаұлы Салқынбаев студенттерге демеулік шәкіртақы табыстады.**

Тарих факультетінің студенттеріне арналған «Ақжол» демократиялық партиясы мен Е. Бекмаханов Ф.А. Қозыбақова, М.С. Ноғайбаева, А.М. Абилдабекова, С.Т. Тұрғанбаевтың отбасы, Э.Т. Телеуова, Т.О. Омарбеков атындағы шәкіртақы студенттерге берілді. Жалпы тарих факультеті 33 студентке 2 миллион 900 мың теңге көлеміндегі шәкіртақыны үлестірді. Сонымен қатар заң факультетінің деканы Дәулет Байделдинов 25 студентке шәкіртақы табыстаса, Алматы қаласындағы «KAZGOR» ЖШС жобалау академиясы президенті Айдар Тәттіғұлов пен жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Мәдиева 1-курс «Лингвистика» мамандығының докторанты Иса Гүлфайрузаны 1 миллион 500 мың  теңге көлеміндегі білім беру грантымен марапаттады.

Ғылыми отырыс шымылдығы 2017 жылғы қабылдау науқанына байланысты, комиссияның жауапты хатшысы Жарылқасын Жаппасовтың хабарламасымен ашылды. Ол ҰБТ мен магистратураға құжат қабылдау формасы өзгергендігін тілге тиек етті. Мәселен, алтын белгі, республикалық және халықаралық олимпияда жүлдегері атанған талапкерлер де енді ұлттық бірыңғай тест тапсырады. Орта мектеп түлектері үшін қорытынды аттестаттау 29 мамыр мен 9 маусым аралығында өтеді. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ЖОО-ға түсуге ниетті талапкерлер үшін) базалық ЖОО-да 20 маусым мен 1 шілде аралығында жүріп, уақыты 3 сағат 30 минутты қамтиды. Шығармашылық емтиханға құжат қабылдау 20 маусымнан 7 шілдеге дейін, емтихан 8 мен 13 шілде аралығында тапсырылады. І-блок міндетті пәндер 20 сұрақтан, ІІ-блок бейімділік пәндер 30 сұрақтан тұрады. Ұлттық университет пен жалпы медицина үшін шектік балл көрсеткіші – 65, басқа жоғары оқу орындары үшін – 50, ал ауыл шаруашылығы, білім беру саласында 60 балл жинаған талапкер оқи алады.

*Жалғасы 2-бетте*

# СӘНІ МЕН САЛТАНАТЫ ЖАРАСҚАН БАЙҚАУ

**Шуақты көктеммен бірге ҚазҰУ қалашығы да нұрлана түскендей. Өнерлі өрендер мен өресі биік жастардың сән мен салтанат құратын шағы келді. Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында талайлардың ішінен таңдаулысын сапқа қосқан талантты тарландар сайысқа түсті. ҚазҰУ үшін шуғылалы көктеммен тұспа-тұс келетін дәстүрлі «Өнер әлемінің көктемі» атты «Студенттік көктем-2017» көркемөнерпаздар  байқауының ақтық сайысы болып өтті.**



«Студенттік көктем» байқауы – жастар өз шығармашылық қабілетінің қарымын көрсетіп, би, музыкалық, актерлық, ақындық өнерлерін ортаға салатын ерекше шара. Дәстүрлі байқау биылдан бастап жастардың жалынын одан әрі жаға түспек. Ендігі кезекте би, вокал және эстрада, аспапты музыка, театр сияқты өнер бағыттарының басы бір арнаға тоғысып, мюзикл жанрында көрсетілмек.

Ақтық сайыста факультеттер әр мемлекеттің өнер әлемін бейнеледі. Шара барысында Экономика және бизнес жоғары мектебі – Бразилия, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті – Қытай, физика-техникалық факультет – Испания, механика-математика факультеті – Үнді, шығыстану факультеті – Корей, тарих, археология және этнология факультеті – Қазақ елі, сонымен қатар, химия және химиялық технологиялар факультеті – Франция, заң факультеті – Кавказ, биология және биотехнология факультеті – Англия, филология және әлем тілдері факультеті – Өзбекстан, философия және саясаттану факультеті – Мысыр Араб Республикасы, халықаралық қатынастар факультеті – Ресей, география және табиғатты пайдалану факультеті  Италияға сапар шекті.

Қатысушылар әр мемлекеттің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, тарихы мен танымын бейнелей отырып, оған әуезді әсем ән қосып, әдемі ырғаққа бөледі. Олар әр елдің өзіне тән ерекшелігін ескеріп, мюзиклді мән мен мағынасы келіскен жүйелі сюжетке ұластырды.

Жұмыла кіріскен жүк жеңіл демекші, сан түрлі өнердің бір сарында сахналануы көңілге жылылық сыйлап, көз қуантқаны рас.

Өзара бақ сынасқан байқау қатысушылары бірінен-бірі асписа, кем түспеді. ҚазҰУ қызметкерлері мен өнер жұлдыздарынан құралған қазылар алқасына жүйріктердің жүйрігін анықтау оңайға соқпады. Әйтсе де, қазылар әрбір факультеттің артықшылығын байқап, үздік тұстарын қалыс қалдырмады. «Ең үздік актерлік шеберлік» аталымы бойынша филология және әлем тілдері, «ең үздік аспаптарда ойнау», «ең үздік би» аталымы бойынша тарих, археология және этнология, «ең үздік вокал» аталымы бойынша халықаралық қатынастар факультеті марапатқа ие болды. Дүбірлі додада философия және саясаттану факультеті жеңіс тұғырынан көрініп, ІІІ орынға қол жеткізсе, ІІ орын оқ бойы оза шапқан механика-математика мен география және табиғатты пайдалану факультеттеріне бұйырды. Сахналық мәдениет мен ауыз әдебиетінің өрнегін өрген филология және әлем тілдері факультеті жүлделі І орынды еншіледі. Ал әні мен сәні үйлесім тапқан химия және химиялық технологиялар факультеті байқаудың бас бәйгесін қанжығалады.

Байқау білімгерлердің шығармашылығын шыңдап, оларды жан-жақты, рухы биік, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруды мақсат етеді. Байқаудың таланттардың танылуына тигізер рөлі орасан зор. Содан болар, айтулы шараны ҚазҰУ студенттері жыл сайын сағынышпен асыға күтеді.

**Жазерке ҚАРАТАЕВА**

## БҮГІНГІ САНДА:


ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗНУ В ПЕТРГУ



3-стр.

AL-FARABI: IMAM-THE HEAD OF THE VIRTUOUS CITY



4-page

ҰЛТЫНЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒАСЫ



5-бет

РЕКТОРАТ

# КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

*Жалғасы. Басы 1-бетте*



Хабарламада 2017-2018 жылдарға арналған қабылдау бөлімінің жұмыс жоспарытолығымен таныстырылды. Биыл Астана қаласында 5559, Алматыда 9568, аймақтар бойынша 123471 мектеп бітіруші және 60 мың колледж түлегі оқуын аяқтайтындығы айтылып қана қоймай, қабылдау комиссиясының бюжетін бекіту, қабылдау комиссиясына белсенді студенттер мен жас мұғалімдерді тарту сияқты мәселелер де қозғалды. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының мәліметтері бойынша, кәсіби бағдар беру туралы студенттердің мақалалары БАҚ құралдарында шығып жатыр. Осы орайда факультеттерде әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жарнамалық-имидждік жұмыстар жасалып жатқандығы да айтылды. Жауапты хатшы 2017-2018 жылға арналған комиссия жұмысын Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында өткізу туралы ұсыныс жасады.

Сондай-ақ мәжілісте факультеттер мен кафедралардың индикативтік жоспарды орындауы және QS WUR рейтингісінің 200 үздік университет қатарына кіру жөніндегі жол картасының орындалуы жөнінде факультет деканлары ақпарат берді.

Тарих, археология және этнология факультетінің деканы Мендіғул Сағатқызының ақпараты бойынша, факультеттің алға қойған мақсаты – студенттерді көптеп тарту. Мәселен, факультетте ғана даярланатын «Мұрағаттану» мамандығы бойынша Алматы және Қарағанды қалаларында осы мамандық бойынша білім алып жатқан колледж студенттеріне арналған қашықтықтан оқыту бағдарламасы үгіт-насихат жүргізілуде. Әр облыс орталықтарында орналасқан мұражай басшылары тарапынан біржылдық магистратураға қызығушылық бар екендігі айтылды. Архив, құжаттама және құжаттамамен қамтамасыз етуге магистратура мен доктарантураға үш жаңа мамандық ашу жоспарланып, орталық мұражайдан студенттерді практикадан өткізуге келісімшарт жасалынған. Факультет түлектерінің жұмыска орналасуына да қолғабыс жасалуда. Факультет ұстаздарының 7 мақаласы рейтингі жоғары шетелдік ғылыми журналдарда жарияланды және осы жылы екі жазғы мектеп жоспары дайындалды. Халықаралық және республикалық байқауларда факультет студенттері жүлделі орыннан көрініп келеді. Қосдипломды бағдарлама бойынша магистратура мен доктарантураға қабылдауға жұмыс жасалып жатқандығы да тілге тиек етілді.

Шығыстану факультетінің деканы Баян Жұбатова өз ақпаратында факультет жалпы есепте 8, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша 11-орынды алып отырғандығын атап кетті. Japan Foundation қоры жарнамалық үгіт-насихатқа 3000 доллар қаражат бөлді. Шетелмен қарым-қатынас 275%-ке орындалды. Атап айтқанда, Венгрия, Қытай, Оңтүстік Корея, Иордания, БАӘ, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Түркменстан елдерімен тығыз байланыс орнатылған.

Заң факультетінің деканы Дәулет Лайықұлы да факультет жұмысын кеңінен баяндады. Факультет ашық онлайн курстың 50%-ын орындаған. Білім алушы студенттердің өсім көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда артқан. 4 start-up компания мен жаздық мектеп құрылып, бұл тұрғыда жоспардың орындалуы 75%-ға жеткен. Шетелден 21 маман шақырылып, «Айналаңды нұрландыр», «100 кітап» т.б жобалар аясында мерекелік шаралар ұйымдастырылып келеді.

Сонымен қатар университет делегациясының Парижге сапары жөнінде факультет декандары: М.Ә. Бектемесов, А.Е. Давлетов, Д.Л. Байделдинов және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры А.Б. Смаилованың мәлімдемесі тыңдалды. Сапар барысында екі жақты мәселелер турасында Париждің Дидро университетімен студент және оқытушы алмасу туралы келісім жасалды. Осы университеттің оқытушысы Филип Каде 5 сәуір күні философия және саясаттану факультетіне келмек. Сарбонна университетінде француз тілінде қосдипломдық магистранттарды оқытуға заң факультетінің деканы Анри Бордамен де уағдаластыққа қол жеткізілді. Университетіміздің физика-техникалық факультеті де магистранттарды іс-тәжірибеден өткізу, оқытушылар мен студенттер алмасу туралы келісімшартқа қол қойды. Механика-математика факультеті IT- магистратура, докторантура білім беру бағдарламасының бірнеше бағыты бойынша аталмыш университеттің информатика, математика және химия факультетімен қосдипломдық білім беру бойынша студент алмасуға келісті.

Келелі кеңесте Нанси қаласындағы Лотарингия университетімен де байланыс орнатылып, 2010 жылдан бастап 4 PhD, 60-тан астам магистрант, оның ішінде 25 ҚазҰУ түлегі дайындалғандығы айтылды. Ректор Ғалым Мұтанов химия факультетінің бакалавры мен магистранттарын Нанси университетіне жіберу туралы келісім жасауға тапсырма берді. Мәжіліс соңында филология ғылымдарының докторы, тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы Айгүл Саденова мен PhD, қатты дене және сызықтық емес физика кафедрасының доценті Гүзаль Исмайлованы профессор (доцент) ғылыми атағына ұсыну туралы қаулы хабарланып, ректорат мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

**Мұхтар СЕРЖАН**

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

**Шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, арабтану бөлімінің ұйымдастыруымен «Арабистиканың дамуындағы жаңа тенденциялар» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция өтті.**

Тек араб тілінде өткен онлайн конференцияда «Қазақстан және араб әлемі: халықаралық, тарихи-мәдени байланыстардың қалыптасуы мен дамуы», «Қазақстан мен араб әлемінің ғылым мен білім салаларындағы ынтымақтастығы» және «Араб тілі мен әдебиетін, тарихын оқытудағы дәстүрлі және инновациялық әдістер» атты бағыттардағы өзекті мәселелер талқыланды.

Конференцияға Әл-Азхар университетінің профессоры Али Али Шағбан (Мысыр Араб Республикасы), UNISZA университетінің профессорлары – Нашат Баюми, Мухаммад Зәйд Исмаил (Малайзия), Әл-Ариш университетінің профессоры Насыр Уахдан (Мысыр Араб Республикасы), Мысыр Араб Республикасының Қазақстандағы мәдени орталығының директоры Хамдан Ибраһим және отандық шығыстанушы, арабтанушы ғалымдар атсалысты.

**Қ. ҚЫДЫРБАЕВ,**
*Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы меңгерушісінің орынбасары*

***

**Военная кафедра КазНУ совместно с Республиканским центром крови с 27 по 31 марта 2017 г. провела благотворительную неделю донора.**

В мероприятии приняли участие более 500 студентов военной кафедры, в том числе профессорско-преподавательский и учебно-вспомогательный составы подразделения. Среди них полковник Рафаэль Ибрагимов, подполковники Кудрет Суюндиков, Жулдыз Алмасаев, Манарбек Садыков, старший лейтенант Игорь Яковчук, заведующая лабораторией Фарида Бакиева и ведущий специалист Сакен Майлыбаев.

Активная гражданская жизненная позиция, отзывчивость и благородство студентов и сотрудников военной кафедры КазНУ проявились в деле!

Став донорами, они спасли жизни других людей.

**Военная кафедра**

***

***Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен «Экологиялық апат және оның адамзатқа тигізер зардабы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.***

ҚХР, Өзбекстан, Моңғолиядан келген білім алушылар қатысқан шарада ғаламдық экологиялық мәселелер қозғалып, ғылыми деректер, зерттеулердің қорытындылары тілге тиек етілді. Жастар жер-анамыздың қазіргі экологиялық ахуалы – ауқымды жылыну, озон қабатының тесілуі, тұщы су мәселелеріне алаңдаушылық білдірді. Белсенді тыңдармандар – Құндыз Мәулітбек, Арман Мұратжан, Нұржамал Нұрболат, Дина Нүсіпақын ғылыми деректерді мысалға келтіріп, ойларын ортаға салды. Жалпы адамзатқа ортақ жер-ананы аялау, қорғау қажеттігі барлық буын өкілдеріне аманат екендігі баса айтылды.

**А.Е. ҮСЕНБЕКОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы*

# МҰРАЖАЙ ТҮНІ

*Жалғасы. Басы 1-бетте*



Жиналған қауым ҚазҰУ-дың бүгінгі күнге дейінгі даму жолы, әлемдік деңгейдегі ірі мұражайлары жайлы бейнеролик тамашалады. Көрсетілген ақпараттар топтамасы негізінде танымдық ойындар мен интеллектуалды викториналар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, университет тыныс-тіршілігі, ұлттық университет есімін лайықты иеленіп жүрген Әбу Насыр әл-Фараби тағылымдамасынан ағылшын тілінде сұрақтар қойылып, үздік шыққандарға сыйлықтар тапсырылды. Білімгерлер көріп-тыңдап қана қоймай, оны ойын арқылы жадына сақтап алды. Мұны шараның ерекшелігі деп ескере кетпеске болмас.

Игі бастама «Al-Farabi university – smart city» интерактивті алаңында өтті. 3D-технология форматындағы жасалған жаңа экспозициялар мен әл-Фараби мұралары сақталған әрбір орын көз сүйсіндіріп, көңілге жылу сыйлады.

ҚазҰУ мұражайына келген журналистика факультетінің студенті Акерке Нұрбекова: «Университеттің «Құрметті профессорлары мен докторлары» атты фотогалерея, мұражай атриумындағы Шығыстың ғұлама ойшылы, екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің бай мұраларына, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, университеттің құрметті докторы және құрметті профессоры Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған кешен, факультеттер, ғылыми инновациялық зерттеу институттары және орталықтар туралы мәліметтер, заманауи білімнің әлемдік масштабын бейнелейтін «XXI ғасырдың Жер шары» атты композициялық қондырғы – біздің өткеніміз бен бүгініміздің айқын бейнесі іспетті», – деп өз пікірімен бөлісті.

Мұражай түнінде жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқытушылары Аксәуле Кайбулдаева мен Төлеген Меркібаев ағылшын тілінде әсем ән орындап, кеш студенттер флешмобына ұласты. Білімгерлер білімін шыңдай түскен танымдық шара көпшілік көңілінен шығып, студенттер ризашылықтарын жасырмады.

**Жазерке ҚАРАТАЕВА**

**ҚазҰУ-да EXPO-2017 дүниежүзілік көрмесіне арналған IV халықаралық Фараби оқулары басталды**

# ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗНУ В ПЕТРГУ

**В Петрозаводске, столице Республики Карелии РФ, в учебном здании Петрозаводского государственного университета состоялось предварительное заседание участников проекта «DIREKT: Developing Trans-regional information literacy for lifelong learning and knowledge economy» («Развитие трансрегиональной информационной грамотности для непрерывного образования и экономики знаний») в рамках Международной программы Эразмус+.**

Данный проект был выигран в 2016 году при участии 15 университетов-партнеров из Ирландии, Германии, Российской Федерации, Китая, Казахстана, стран Прибалтики. Научный проект нацелен на исследование информационной культуры Евроазиатского региона для улучшения грамотного использования информационных ресурсов при подготовке и написании публикаций на английском языке. Для функционирования проекта запланировано обучение англоязычных специалистов информационных технологий по внедрению локальных библиотечных фондов.

Целью заседания явилось обсуждение плана по реализации проекта, т.е. определение роли каждого участника, рассмотрение вопросов финансирования на последующие годы, вплоть до 2019-го. В ходе семинара были презентованы функции каждого университета-партнера в развитии информационного пространства в библиотеках вузов Технического университета Дрездена, Университета имени Константина Философа в Нитре (Словакия), Национально-исследовательского Мордовского государственного университета им. Огарева, Казахского национального университета имени аль-Фараби, Пекинского технологического государственного университета, Аграрного университета имени С.Сейфуллина, Костанайского университета имени А. Байтурсынова и др. ПетрГУ организовал экскурсию по редким библиотечным фондам, электронно-информационным ресурсам университета.



Итоги реализации проекта «DIREKT» найдут объективное отражение в учебных программах бакалавриата, магистратуры и докторантуры, а именно, в содержании элективных дисциплин по организации и планированию научного исследования по избранному научному направлению и специальностей вуза. Таким образом, участие КазНУ имени аль-Фараби в значимом для отечественной науки проекте способствует формированию и повышению информационной грамотности у будущих молодых ученых.

**Д.А. КАРАГОЙШИЕВА,**
*заведующая кафедрой иностранной филологии и переводческого дела;*
**Г.Е. САБДЕНОВА,**
*преподаватель кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения*

# ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

**Еліміздің үздік университеті ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде «Фараби оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді. Айтулы шараның негізгі идеясы ұлы ғалым мұраларын насихаттау, заманауи қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалдық мәдениетін байыта түсу болып табылады.**

Университет ректоры академик Ғалым Мұтанов: «Бұл жерде ең басты міндет – ғылымды дамыту. Біз әл-Фараби мұраларын зерттеп насихаттай отырып, университетімізді жаңа деңгейге көтереміз. «Фараби оқуларын» өткізу – біздің парызымыз. Ғұлама ғалымның ілімін әрбір студентке, әрбір қызметкерге жеткізу арқылы алдымен өз ортамызда азаматтық, ғылыми, моралдық-этикалық көзқарастарды қалыптастырсақ, ұлттық университет ретінде қоғамдық пікір тудыра аларымыз анық, – деп пайымдайды.

Бүгінгі таңда білім беру ошақтары жан-жақты толысқан тұлғаны, ғаламшар азаматын, жаһандану ғасырында өмір сүре алатын және бақытты бола алатын адамды қалыптастыруы тиіс. Жастар қоршаған әлемді сақтай отырып, басқа адамдарды түсініі, әр түрлі елдердің мәдениеті мен өмірлік тәжірибесіне құрмет көрсетуі әрі өз ұлтының ерекшеліктері мен салт-дәстүрін қорғауы керек. Осы орайда Шығыстың ұлы ойшылының ізгілікті қоғам идеясына негізделген ҚазҰУ-дың «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы мен заман талабына сай жаңғыртылған «Фараби оқулары» жастардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

**Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,**
*саяси.ғ.к., философия кафедрасының доценті*

# БИОГАЗ ҚОНДЫРҒЫСЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНДІ

**Қоршаған ортаны қорғау және сақтау сұрақтарында маңызды рөл биотехнологияға тиесілі. Биотехнологияның дамуы мен оның практикаға енуі экологиялық дағдарыстан шығудың басты жолы болып саналады.**

Биотехнология бірқатар экологиялық мәселелерді, оның ішінде қоршаған ортаны өндірістік, ауылшаруашылық, тұрмыстық қалдықтардан қорғау, қоршаған ортаға түскен токсиканттарды деградациялау мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Сол мүмкіндіктерінің бірі – әртүрлі тұрмыстық және ауылшаруашылық қалдықтардан биогаз өндіру. Биогаз – биомассадан алатын жаңғырмалы энергия көзі болып саналатын биологиялық жанармайдың бір түрі. Биогаз өндіру нарығы энергетикалық тепе-теңдіктің жалпы құрылымында басқа энергия тасымалдаушылардың орнын басып, екпінді дамуда.

Биологиялық жолмен биогаз алуды терең меңгеруге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері де мүмкіндік алды. Жуырда ҚазҰУ қалашығында биогаз қондырғысының ашылу салтанаты мен қондырғыны іске қосу шарасы өтті. Қондырғы студенттерге әртүрлі қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогаз және биотыңайтқыш алу жолдары мен әдістерін жете үйренуге жол ашады. Биогаз алу технологиясы анаэробты ашу үдерісіне негізделген, яғни тағам қалдықтары бактериялардың әсерінен ыдырап, ортаға құрамы бойынша табиғи газға ұқсас биогаз-метанды бөледі. Ал биогаз өндірудегі қалдық массаны биотыңайтқыш ретінде қолдануға болады. Бұл қондырғы көмегімен ИИДМБ «Индустрияға арналған жасыл энергетика» бойынша оқу бағдарламасының профильдік бағыты, «Фотобиотехнология және биожанармай» траекториясы бойынша білім алатын магистранттар мен «Биотехнология» мамандығының студенттері білімдерін шыңдап, іс жүзінде әр түрлі қалдықтардан биогазды өндіруді жете зерттей алады.

**Н.Р. АҚМҰХАНОВА,**
*биотехнология кафедрасының доценті*

# МАСТЕР-КЛАСС ОТ МЭТРА

**Профессор, доктор филологических наук, ведущий научный сотрудник МГУ имени М. В. Ломоносова Луиза Григорьевна Свитич провела на факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби занятия и мастер-классы, раскрыв многие секреты социологии журналистики. Ее учебники, переизданные по многу раз, буквально «зачитаны» в наших библиотеках и давно как бестселлеры тиражируются в интернете. С ее «Введения в специальность. Профессия журналист» начался путь в профессию у большинства мастеров пера и микрофона. Авторитетный исследователь журналистики СССР и СНГ – теоретик, практик и педагог, в Казахстане – без преувеличения своя. Луиза Григорьевна в 60-ые годы работала заместителем ответсекретаря–спецкором, заведующей отделом писем краевой газеты «Целинный край». Об этом она, кстати, тоже написала книгу– «Целинная журналистика времен хрущевской оттепели».**



Желающих побывать на занятиях знаменитого профессора оказалось хоть отбавляй, и 50 минут лекции, перемежающейся самыми яркими примерами и сравнениями, пролетали мгновенно. И с пользой: ведь в багаже Л. Г. Свитич – масса актуальных исследований не только о газетах, журналах, телевидении и радио, но и бесконечное количество ярких примеров из российской и зарубежной практики. Профессор Л. Г. Свитич – одна из авторов современного стандарта по специальности журналистика в России. Луиза Григорьевна согласна, что новые цифровые технологи – неоценимое подспорье, но вместе с тем убеждена, что в основе столь важной для общества профессии, как журналистика, должны оставаться слово и смысл. Аудитория должна верить журналисту. И потому университетам нужно не просто выпускать специалиста с набором разных компетенций, а именно способствовать разностороннему развитию личности. Журналистика меняется, особенно последние 30 лет, но профессионализм в ней остается, благодаря чему и сохраняется авторитет и влияние. Студентам, магистрантами и преподавателями кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе посчастливилось не просто послушать уникальные лекции, но поучаствовать в дискуссиях и практических занятиях, которые поддержали мотивацию будущих журналистов, PR-щиков, издателей. Луиза Григорьевна впечатлена, какие преобразования произошли в последние годы в КазНУ – университет вошел в международную орбиту, занял достойные места в мировых рейтингах и, как прежде, является в КазНУ флагманом.

Как отметила студентка Салтанат Сабырова, приезд в Наурыз Луизы Григорьевны – как удивительный стимул к познанию нового, пример для подражания, а обаяние профессора – безмерно. Студенческому пресс-центру гостья из МГУ подарила свои новые учебники и книги.

В мае Луизе Григорьевне Свитич, заслуженному научному работнику МГУ имени М. В. Ломоносова, исполняется 80 лет. А у профессора масса планов для научных исследований и творческой деятельности.

**Александр РОЖКОВ,**
*доцент факультета журналистики, к. филол.н.*

*5 апреля в КазНУ состоится торжественная презентация сборника из серии «Өнегелі өмір», посвященная жизни и творчеству Толегена Тажибаева*

**OUR STORY CONER**

### THE QUILT IS GONE AND THE FIGHT IS OVER

Hodja and his wife were awakened by noises coming from the street. When he looked out of the window he saw two people fighting. He took his quilt, wrapped it around himself and started walking towards the door. Although his wife told him not to get involved, he ignored her.

"Let's see what is going on," he said and went out.

As soon as he stepped out of the door, before he had a chance to find out what was happening, one of the men pulled the quilt off his back and fled. The other one disappeared in the dark.

Hodja looked after them for a few minutes and then went inside, freezing. His wife asked, "What was the fight about?"

"I don't know what it was all about, but I know that the quilt is gone and the fight is over," Hodja replied.

### THE MISSED APPOINTMENT

A philosopher made an appointment with Nasrudin to have a scholarly discussion. When the day came, the philosopher dropped by Nasrudin's house as planned. However, Nasrudin wasn't home. The philosopher angrily took his pencil out of his pocket, wrote "Asshole" on Nasrudin's door, and then left

Nasrudin finally came home later and saw this. He quickly realized that he had missed his appointment, and he darted off to the philosopher's house.

"Forgive my error," Nasrudin told the philosopher when he got there. "I totally forgot about our appointment today. But when I got home and saw that you had written your name on my door, I came here as fast as I could."

### THE GUEST

Nasrudin heard a knock at his door one night. He opened the door, and the man standing there said, "Mullah, can you help a brother out and provided me with some shelter for the night. I am God's nephew."

"Oh, is that so?" asked Nasrudin.

"It surely is," the man replied.

"Well then," remarked Nasrudin, "for an exalted guest such as yourself, I must offer only the most exalted place to spend the night."

Nasrudin stepped outside and closed his door, and then turned to the man and said, "Follow me."

The man curiously followed Nasrudin.

Hundreds of meters later, they reached the local Mosque.

Nasrudin turned to the man and said, "And what better place could I offer you to stay the night than here at your own uncle's house!"

On march 27,2017, in the frame of the project “Brighten the Corner were



# Al-Farabi: Imam-the Head of the Virtuous City




**Al-Farabi’s teachings have not lost their significance today. His ideas on the problems of state governing, and his socio-ethical and political views are still applicable to our modern situation. In this issue we are presenting al-Farabi’s ideas on the personal qualities of the leader.**

An important place in al-Farabi’s socio-ethnic teachings belongs to his reflections on personal qualities of the head of a virtuous city. The head of a virtuous city, Al-Farabi calls him ‘imam’, is "a man who is not subject to any of the people". And this is not surprising, since in medieval society secular and religious authorities were concentrated in the hands of one person. In contemporary world, these people are called leaders. They have always played and continue to play a key role in the history of mankind due to their logical and ‘outside-of- box’ thinking abilities, their courage and high moral principles. According to Al-Farabi, a good leader should have been born a leader. Such a leader according to al-Farabi should be devoid of any kind of drawbacks.

The head of the city, according to al-Farabi, should have 12 personal qualities, which in turn, he subdivides into inborn and acquired.

The head of the virtuous city is a person who has attained perfection and became a mind in concept and in action.

So, the head is the person who is independent of anyone. This is the imam, the first head of the virtuous city; he is the head of the virtuous people and the head of all the inhabited parts of the land. Such person can only be the one who will unite the twelve innate natural qualities within him.

Firstly - the person must have complete perfection in the parts of his body, the powers of which are so well-adapted to execute the actions they are to perform, that when the person performs an action by any body part, he performs it with ease;

Second- be able to understand perfectly and imagine everything he is told, comprehending what is said to him in accordance with what the speaker has in mind, and considering the way the things stand;

Third- keep in mind all that he understands, sees, hears and perceives and forgets almost nothing that is said; possess a keen and intuitive mind, so that, should he see a slightest sign of anything he could quickly grasp what this sign indicates;

Fourth - have concise style and be able to express clearly all that he conceives; feel love for learning and cognition, being able to acquire those easily; feeling neither fatigue from training, nor pangs of associated labor, be abstemious in food, beverages and copulation;

Fifth - avoid games and feel disgusted by the pleasures arising from it;

Sixth- love the truth and love its proponents, hate lies and hate those who resort to it; have a proud heart and cherish honor;

Seventh - his soul should be clean by its nature and stand above all lower deeds and strive for lofty deeds;

Eighth - despise dirhams, dinars and other attributes of the worldly life;

Ninth - love justice and its proponents, and hate in-justice and tyranny, and those from whom they emanate;

Tenth - to be fair to his people and others, encourage fairness and compensation for the damages to the victim of injustice by giving all that he believes good and beautiful;

Eleventh - to be fair, but not stubborn, not to exercise caprice and not to persist in the face of justice, but be steadfast before any injustice and meanness;

Twelveth be resolute in what he considers necessary, and be bold, brave, not know fear and cowardice.

Combination of all this in one person is a difficult thing, and that’s why people, gifted by this nature are very rare and are in a minority.( Al-Farabi, The Book of Mind. Rolan Seysenbayev Publishing House, 2014.)

*Dr.* **A. SYRGACBAYEVA,**
*Docent.* **A.A. MULDAGALIYEVA**

# What the Young Researchers Discuss

**Organization of the annual master course students’ conference "Advancing Skills Towards Professional Excellence" within the framework of the project "Ainalandy Nurlandyr" has become a remarkable tradition, a kind of competition and an examination for young researchers. After all, they bring the results of their scientific research to the judgment of the audience – students and teachers, since the purpose of the conference is to develop the skills of public speaking on scientific and professional topics in English.**



